

«ПМХЗ» ЖШС-нің тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында 2023 жылғы 1 жартыжылдыққа арналған бәсекеге қабілетті кірме жол болмаған жағдайда жылжымалы құрамның жүруі үшін кірме жолды беру және маневрлік жұмыстар, тиеу-түсіру, тасымалдау процесінің басқа да технологиялық операциялары үшін, сондай-ақ бәсекеге қабілетті кірме жол болмаған жағдайда тасымалдау процесінің технологиялық операцияларында көзделмеген жылжымалы құрамның тұрағы үшін кірме жолды беру жөніндегі қызметі туралы есебі

2023 жылғы 30 маусымда «Обозрение недели» газетінің № 26 (690) нөмірінде «ПМХЗ» ЖШС кәсіпорындар-тұтынушылар алдында 2023 жылғы 1 жартыжылдыққа арналған бәсекеге қабілетті кірме жол болмаған жағдайда жылжымалы құрамның жүруі үшін кірме жолды беру және маневрлік жұмыстар, тиеу-түсіру, тасымалдау процесінің басқа да технологиялық операциялары үшін, сондай-ақ бәсекеге қабілетті кірме жол болмаған жағдайда тасымалдау процесінің технологиялық операцияларында көзделмеген жылжымалы құрамның тұрағы үшін кірме жолды беру бойынша реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсыну жөніндегі табиғи монополия субъектісінің қызметі туралы есептің тыңдауларын 2023 жылғы 25 шілдеде өткізу туралы хабарландыру жариялады.

«ПМХЗ» ЖШС Қазақстанның ірі мұнай өңдеу кәсіпорындарының бірі және мұнай өңдеу тереңдігін шамамен 89% қамтамасыз ететін технологиялық қондырғылар жинақталған Қазақстандағы жалғыз мұнай өңдеу зауыты болып табылады. Зауыттың өндірістік қуаты жылына 6 млн. тонна шикі мұнайды құрайды.

Зауытта әр түрлі маркалы автомобиль бензинін, реактивті қозғалтқыштарға арналған отынды, дизель отынын, вакуумды газойльді, сұйылтылған газдарды, мазутты, мұнай битумдарын, мұнай коксін, күкіртті қамтитын өнімдердің кең сұрыпталымы бар.

«Павлодар мұнайхимия зауыты» ЖШС 2023 жылғы қаңтардан бастап «ПМХЗ» ЖШС мынадай реттеліп көрсетілетін қызмет түрлері бойынша табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тіркелімінің жергілікті бөліміне енгізілді:

1. бәсекеге қабілетті кірме жол болмаған жағдайда жылжымалы құрамның жүруі үшін кірме жолды беру жөніндегі қызмет;
2. маневрлік жұмыстар, тиеу-түсіру, тасымалдау процесінің басқа да технологиялық операциялары үшін, сондай-ақ бәсекеге қабілетті кірме жол болмаған жағдайда тасымалдау процесінің технологиялық операцияларында көзделмеген жылжымалы құрамның тұрағы үшін кірме жолды ұсыну жөніндегі қызмет.

Қазақстан Республикасы «Табиғи монополиялар туралы» Заңының 20-бабының 7-тармағына және 2019 жылғы 19 қарашадағы №90 «Тарифтерді қалыптастыру қағидаларының» 302-тармағының 1-абзацына сәйкес «ПМХЗ» ЖШС, табиғи монополиялар субъектісі ретінде 2023 жылғы 01 қаңтардан бастап жылжымалы құрамның жүруі үшін кірме жолды беруді, маневрлік жұмыстар, тиеу-түсіру, тасымалдау процесінің басқа да технологиялық операциялары үшін, сондай-ақ «Премиум Ойл Транс» ЖШС үшін 2022 жылғы 15 қарашадағы №93-НҚ

бұйрығымен бекітілген кірме жолдар қызметтерінің тарифтері бойынша тасымалдау процесінің технологиялық операцияларында көзделмеген жылжымалы құрам тұрағы үшін кірме жолды ұсынуды қамтитын:

бәсекеге қабілетті кірме жол болмаған жағдайда жылжымалы құрамның жүруі үшін кірме жолды беру - **19,05** теңге/вагон/км (ҚҚС қоспағанда);

маневрлік жұмыстар, тиеу-түсіру, тасымалдау процесінің басқа да технологиялық операциялары үшін, сондай-ақ бәсекеге қабілетті кірме жол болмаған жағдайда тасымалдау процесінің технологиялық операцияларында көзделмеген жылжымалы құрамның тұрағы үшін кірме жолды беру – **34,66** теңге/вагон/сағат (ҚҚС қоспағанда) бойынша кірме жолдар қызметтерін көрсетеді.

«ПМХЗ» ЖШС 2023 жылғы 27 сәуірде «ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Павлодар облысы бойынша департаментіне» (бұдан әрі-ТМРҚД) 2023 жылғы 1 маусымнан бастап кірме жолдар қызметтеріне 168-07 теңге/вагон/км және 242-40 теңге/вагон/сағат мөлшерінде тарифтерді көтеруге өтінім берді. ТМРҚД жылжымалы құрамның жүруі үшін кірме жолды беру бойынша және маневрлік жұмыстар, тиеу-түсіру, сондай-ақ жылжымалы құрамның тұрағы үшін кірме жолды беру бойынша өтінімдерге ұсынылған материалдардың толықтығын тексере отырып, өтінімнің 2023 жылғы 5 мамырда қарауға қабылданғаны туралы хабардар етті. «ПМХЗ» ЖШС қызметтеріне тарифтік сметалар жобаларын қарау бойынша көпшілік тыңдауды ТМРҚД 2023 жылғы 16 мамырда өткізді.

Бекітілген тарифтік сметалардың орындалуын талдау мүмкін болмай отыр, себебі 2023 жылдың 1 жартыжылдығына есепті дайындау кезінде уәкілетті орган «ПМХЗ» ЖШС кірме жолдар қызметіне тарифтерін бекітпеген еді. «ПМХЗ» ЖШС үшін кірме жолдар қызметтеріне инвестициялық бағдарлама бекітілген жоқ.

Тұтынушылардың табиғи монополиялар саласына жататын көрсетілетін қызметтерге қажеттілігі жыл сайын қызметтер көрсетуге шарттар жасасу кезінде айқындалады. Тұтыну көлемін қызмет тұтынушыларымен салыстыру бойынша жұмыс ай сайын жүргізіледі, сондай-ақ кейбір қызмет тұтынушыларының сұрауы бойынша салыстыру апта сайын немесе он күн сайын жүзеге асырылады. Нақты көлемдер ай сайын өндірістік қызметтер көрсету туралы актілермен, сондай-ақ «ПМХЗ» ЖШС және қосалқы тұтынушылар тарапынан қол қойылған кірме жолдар бойынша қызметтер көрсетуге арналған тізілімдермен расталады. «ПМХЗ» ЖШС 2023 жылы реттеліп көрсетілетін қызметтердің сенімділігі мен сапасын арттырудың жоспарлы көрсеткіштерін орындау бойынша жұмыстарды жалғастырады.

2023 жылдың 1 жартыжылдығында кірме жолдар қызметтерін көрсетуден түскен түсім:

- жылжымалы құрамның жүруі үшін кірме жолды беру қызметі бойынша 1 862 мың теңгені;

- маневрлік жұмыстар, тиеу-түсіру, сондай-ақ жылжымалы құрамның тұрағы үшін кірме жолды беру қызметтері бойынша 20 243 мың теңгені құрайды.

Кірме жол қызметтерін көрсетуге байланысты жұмсалған шығыстар 194 678 мың теңгені, соның ішінде:

- жылжымалы құрамның жүруі үшін кірме жолды беру қызметіне – 15 379 мың теңгені;

-маневрлік жұмыстар, тиеу-түсіру, сондай-ақ жылжымалы құрамның тұрағы үшін кірме жолды беру қызметіне – 179 299 мың теңгені құрайды.

1 жартыжылдықтың қорытындылары бойынша кірме жолдар қызметтері бойынша 172 573 мың теңгеге, соның ішінде:

- жылжымалы құрамның жүруі үшін кірме жолды беру бойынша – 13 517 мың теңгеге;

- маневрлік жұмыстар, тиеу-түсіру, сондай-ақ жылжымалы құрамның тұрағы үшін кірме жолды беру бойынша - 159 056 мың теңгеге залал шегуге жол берілді.

Қазақстан Республикасының «Табиғи монополиялар туралы» Заңының 25-бабымен реттеленген табиғи монополиялар субъектісі ретінде «ПМХЗ» ЖШС міндеттерін орындау мақсатында кірме жолдар қызметтерін көрсетуге жұмсалған нақты шығындар, қызметтер көлемдері туралы ақпарат кәсіпорынның сайтында орналастырылды.